

## Нотариаттық қызмет саласындағы тексеру парағының нысанын және тәуекел дәрежесінің бағалау өлшемдерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 245 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 3 тамызда № 7100 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 649 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 833 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 28.12.2015 № 649 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.12.2015 № 833 (01.01.2016 бастап күшіне енеді) бірлескен бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы"

Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . М ы н а л а р :

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік нотариустардың қызметін тексеру парағының нысаны;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының нотариаттық іс-әрекеттерді жасауға уәкілетті лауазымды адамдардың қызметін тексеру парағының нысаны;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес жеке практикамен айналысатын нотариустардың (жекеше нотариустар) қызметін тексеру парағының нысаны;

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес Нотариаттық қызмет саласындағы тәуекел дәрежесінің өлшемдері;

5) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес аумақтық нотариаттық палаталардың қызметін тексеру парағының нысаны бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын - ҚР Әділет министрінің 2012.01.31 № 35 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2 . М ы н а л а р :

1) "Жасалатын нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және жекеше нотариустардың іс-жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2004 жылғы 5 шілдедегі № 202 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2934 тіркелген);

2) "Жасалатын нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және жекеше нотариустардың іс жүргізу Ережесін бекіту туралы" ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 5 шілдедегі № 202 бұйрығына" өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы № 185 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6312 тіркелген, 23.11.2010 ж. № 318 (26379) "Казахстанская правда" газетінде, 2010 жылғы № 15 Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа орталық атқарушы органдарының актілер жинағында (таралымның шыққан күні 25.11.2010 ж.), 03.11.2010 жылғы № 456 (26299) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету Комитетінің төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтүзбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Әділет министрі Қазақстан Республикасының  
Р. Түсіпбеков

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Республикалық нотариаттық  
палатасының төрайымы  
А. Жанәбілова

2011 жыл 29 маусым

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрінің  
2011 жылғы 29 маусымдағы  
№ 245 бұйрығына 1-қосымша  
нысан

Ескерту. Нысанға өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 22.08.2014 № 257 бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**мемлекеттік нотариустардың**

**қызметін**

**ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ**

Тексеруді тағайындайтын орган \_\_\_\_\_

Тексеруді тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

№ , күні )

Тексерілетін бақылау субъектісінің Т.А.Ә, қызметі \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) \_\_\_\_\_

Тексеру жүргізілетін үй-жайдың мекен-жайы, орналасқан жері \_\_\_\_\_

Тексерілетін кезең \_\_\_\_\_

Тексеру жүргізудің мерзімі \_\_\_\_\_

(тексеру жүргізуге кеткен күндер)

Тексеру жүргізудің басталуы және аяқталуы \_\_\_\_\_

(күні, сағаты)

№	Талаптар тізбесі	иә	жоқ
1	Бақылау субъектісінің нотариаттық іс-әрекеттерді жасау кезіндегі нотариат туралы заңнаманың талаптарын сақтауы		
2	Бақылау субъектісінің нотариаттық іс-қағаздарын жүргізу кезіндегі нотариат тар туралы заңнаманың талаптарын сақтауы		
3	Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуде Бірыңғай нотариаттық ақпараттық Жүйенің (БНАЖ) электронды тізілім тіркелуі		
4	«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды (жылыстатуды) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын мемлекеттік нотариустардың сақтауы		

**Л а у а з ы м д ы**

**Т ұ л ғ а :**

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. лауазымы)

\_\_\_\_\_

(қолы)

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. лауазымы)

\_\_\_\_\_

(қолы)

**Бақылау субъектісі:**

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. лауазымы)

\_\_\_\_\_

(қолы)

*Ескеру: бірнеше парақта жазылған тексеру парағын тексеру жүргізетін орган баулайды, нөмірлейді.*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 9

м а у с ы м д а ғ ы

№ 245 бұйрығына 2-қосымша

нысан

**аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының нотариаттық іс-әрекеттерді жасауға уәкілетті лауазымды адамдардың қызметін**  
**ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ**

Тексеруді тағайындайтын орган \_\_\_\_\_

Тексеруді тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_  
( № , күні )

Тексерілетін бақылау субъектісінің Т.А.Ә, қызметі \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) \_\_\_\_\_

Тексеру жүргізілетін үй-жайдың мекен-жайы, орналасқан жері \_\_\_\_\_

Тексерілетін кезең \_\_\_\_\_

Тексеру жүргізудің мерзімі \_\_\_\_\_

(тексеру жүргізуге кеткен күндер)

Тексеру жүргізудің басталуы және аяқталуы \_\_\_\_\_

(күні, сағаты)

№	Талаптар тізбесі	иә	жоқ
1	Бақылау субъектісінің нотариаттық іс-әрекеттерді жасау кезіндегі нотариат тур туралы заңнаманың талаптарын сақтауы		
2	Бақылау субъектісінің нотариаттық іс-қағаздарын жүргізу кезіндегі нотариат тар туралы заңнаманың талаптарын сақтауы		
3	Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуде Бірыңғай нотариаттық ақпараттық Жүйенің (БНАЖ) электронды тізілім тіркелуі		

**Лауазымды тұлға:**

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_

**Бақылау субъектісі:**

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_

*Ескеру: бірнеше парақта жазылған тексеру парағын тексеру жүргізетін орган баулайды, нөмірлейді.*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 9

м а у с ы м д а ғ ы

№ 245 бұйрығына 3-қосымша

нысан

**Ескерту.** Нысанға өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 22.08.2014 № 257 бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**жеке практикамен айналысатын нотариустардың (жекеше нотариустар)**

**қызметін**

**ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ**

Тексеруді тағайындайтын орган \_\_\_\_\_

Тексеруді тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

( № , күні )

Тексерілетін бақылау субъектісінің Т.А.Ә \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) \_\_\_\_\_

Тексеру жүргізілетін үй-жайдың мекен-жайы, орналасқан жері \_\_\_\_\_

Тексерілетін кезең \_\_\_\_\_

Тексеру жүргізудің мерзімі \_\_\_\_\_

(тексеру жүргізуге кеткен күндер)

Тексеру жүргізудің басталуы және аяқталуы \_\_\_\_\_

(күні, сағаты)

№	Талаптар тізбесі	иә	жоқ
1	Бақылау субъектісінің нотариаттық іс-әрекеттерді жасау кезіндегі нотариат тур туралы заңнаманың талаптарын сақтауы		
2	Бақылау субъектісінің нотариаттық іс-қағаздарын жүргізу кезіндегі нотариат тар туралы заңнаманың талаптарын сақтауы		
3	Үй-жайының болуы, азаматтар мен заңды тұлғалардың өкілдеріне қол жетімді болуы, нотариаттық іс-әрекеттерді жасау кезінде құпиялықтың сақталуы және нотариаттық іс-қағаздарының сақталуын қамтамасыз ету үшін жағдайдың болуы		
4	Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарының болуы		
5	«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды (жылыстатуды) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын жекеше нотариустардың сақтауы		
6	Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуде Бірыңғай нотариаттық ақпараттық Жүйенің (БНАЖ) электронды тізілім тіркелуі		

### Лауазымды тұлға:

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_

### Бақылау субъектісі:

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_

*Ескеру: бірнеше парақта жазылған тексеру парағын тексеру жүргізетін орган баулайды, нөмірлейді.*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 9

м а у с ы м д а ғ ы

№ 245 бұйрығына 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда жазылсын - ҚР Әділет министрінің 2012.01.31 № 35 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

## Нотариаттық қызмет саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдері

1. Осы Өлшем "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәуекел дәрежесімен нотариаттық қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісінің тәуекел көрсеткішін анықтау үшін әзірленген.

2. Осы Өлшемдерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тәуекел – нотариустардың нотариаттық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, жеке заңды тұлғалардың және мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

2) тәуекелдерді бағалау жүйесі-нотариаттық қызмет саласындағы бақылау субъектісін тексерулерді жоспарлау мақсатында өкілетті орган жүргізетін і с - ш а р а л а р к е ш е н і ;

3) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен байланысты әртүрлі тәуекел дәрежесіне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

4) бақылау субъектісі - "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нотариаттық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, аумақтық н о т а р и а т т ы қ п а л а т а л а р .

3. Бақылау субъектісінің қызметті тәуекелдерін бағалау оның жұмыс өтілі, тексерулер нәтижесі, жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер бойынша анықталған заң бұзушылықтар ескеріле отырып жүргізіледі.

4. Бақылау субъектілерін тәуекел дәрежесіне тәуелділігіне бойынша бөлу:

1) тәуекел дәрежесі жоғары субъектілерге - жұмыс тәжірибесі 1 жылдан кем емес мемлекеттік және жекеше нотариустар, сондай-ақ бұрын жүргізілген тексеру нәтижесімен жоғары айыппұл балл жинағандар, жеке қаулылар немесе ұйғарым шығару фактілерімен, лицензиясының күшін тоқтата тұру, фактісінің болуы, "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар, аттестациядан өткен сәттен бастап бір жыл ішінде нотариаттық іс-әрекеттер жасауға кіріскендер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Заңына сәйкес бұрын тексеруге жатқызылмаған аумақтық н о т а р и а т т ы қ п а л а т а л а р ;

2) тәуекел дәрежесі орташа субъектілерге - орташа балл иемденгендер;

3) тәуекел дәрежесі болмашы субъектілерге - болмашы балл иемденгендер;

5. Бақылау субъектісінің тәуекел дәрежесі оның нотариаттық қызметінің нәтижесіне сәйкес сапалық өлшемдеріне байланысты қайта бөлінеді.

Тәуекелді бағалау ақпараттарды жүйелі пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

Әділет органдары алдыңғы жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер бойынша деректерге, құқық қорғау органдарының және соттардың мәліметтері, жеке және заңды тұлғалардың шағымдары өтініштері және нотариаттық палатадан алынған мәліметтері, сондай-ақ бақылау субъектісінің қызметіне қатысты басқа да құжаттар және (немесе) мәліметтер бойынша талдау жүргізеді.

6. Бақылау субъектісі балл санын төмендегі өлшемдерге сәйкес иеленеді:

1) нотариус лауазымында жұмыс өтілі 1 жылға дейін - 10 балл;

2) нотариат туралы заңнама нормаларының жою мүмкін болмайтын бұзушылықтар анықталғанда - 5 балл (ең соңғы нәтижесі тексеру нәтижесі бойынша әрбір заң бұзушылық үшін);

3) тексеру нәтижесінде нотариат туралы заңнама нормалары жойылған заң бұзушылықтар - 1 үшін балл (ең соңғы жоспарлы тексеру қорытындысы бойынша әрбір заң бұзушылық үшін);

4) тексеру нәтижесінде Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтар № 32 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы нотариаттық іс жүргізу Ережесі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7445 болып тіркелген) (бұдан әрі - іс-жүргізу жөніндегі нұсқаулық) жою мүмкін болмайтын бұзушылықтар анықталғанда - 3 балл (ең соңғы жоспарлы тексеру қорытындысы бойынша әрбір заң бұзушылық үшін);

5) тексеру нәтижесінде іс-жүргізу жөніндегі Нұсқаулығының жойылатын бұзушылықтар анықталғанда - 1 балл (ең соңғы жоспарлы тексеру қорытындысы бойынша әрбір заң бұзушылық үшін);

6) бақылау субъектісіне нотариаттық іс-әрекеттер жасағаны үшін соттың шығарған жеке қаулысы күшіне енгенде - 15 балл (тәуекелдерді бағалау дәрежесіне жүргізілген соңғы жыл ішінде шығарылған әрбір қаулыға);

7) бақылау субъектісінің куәландырылған мәмілесі заңсыз деп танылып, бақылау субъектісінің кінәлілігі көрсетіле отырып шығарылған, заң күшіне енген соттың шешіміне – 20 балл (тәуекелдерді бағалау дәрежесіне тексеру жүргізілгенге дейінгі жыл ішінде);

8) бақылау субъектісінің нотариаттық іс-әрекеттеріне түскен негізді шағымға және оларды жасау кезінде заңсыз бас тартылғанда заңды күшіне енген сот шешімі шығарылған жағдайда – 15 балл (тәуекелдерді бағалау дәрежесіне тексеру жүргізілгенге дейінгі жыл ішінде);

9) бақылау субъектісінің нотариаттық қызметпен айналысу құқығына

берілген лицензиясының күші тоқтатылған жағдайда:  
бақылау субъектісінің нотариаттық іс-әрекеттерді жасағаны үшін қолданыстағы нотариат туралы заңнаманы бұзғаны үшін - 20 балл (тәуекелдерді дәрежесін бағалау жүргізілгенге дейінгі соңғы 1 жыл ішінде әрбір тоқталғаны үшін) ;

«Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бақылау субъектісінің қызмет ету аумағын сақтамағандығы анықталғанда - 10 балл (тәуекелдер дәрежесін бағалау жүргізілгенге дейінгі соңғы 1 жыл ішінде әрбір тоқталғаны үшін) ;

бақылау субъектісінің бір ай ішінде аумақтық әділет органына тегі, аты, әкесінің аты өзгертілгендігін, сондай-ақ үй-жайының мекен-жайы өзгертілгендігін хабарламағаны анықталғанда - 10 балл (тәуекелдер дәрежесін бағалау жүргізілгенге дейінгі соңғы 1 жыл ішінде әрбір тоқталғаны үшін);

бақылау субъектісінің оның есептік тіркеуінен тыс үй-жайды орналастыруы нотариаттық қызметті есептік тіркеусіз жүзеге асырғанмен тең - 10 балл (тәуекелдер дәрежесін бағалау жүргізілгенге дейінгі соңғы 1 жыл ішінде әрбір тоқталғаны үшін) ;

10) әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны үшін «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бұзғаны үшін - 5 балл, "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды (жылыстатуды) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзғаны үшін - 5 балл, «Жекеше нотариустарды азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің келісім-шарты болмағандығы анықталғанда - 10 балл;

11) кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны үшін - 5 балл;

12) нотариустың ар-намыс Кодексін бұзғаны үшін тәртіптік шара болғаны жағдайда – 2 балл (тәуекелдер дәрежесін бағалау жүргізілгенге дейінгі соңғы 1 жыл ішіндегі әрбір тәртіптік шара үшін);

13) «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бақылау субъектісі жауапкершілікке тартылған жағдайда:  
сот жеке қаулы немесе ұйғарым шығарғанда - 15 балл;

бақылау субъектісінің куәландырылған мәмілесі бақылау субъектісінің кінәлілігі көрсетіле отырып заңсыз деп табылған заң күшіне енген соттың шешімі анықталғанда – 20 балл (тәуекелдер дәрежесін бағалау жүргізілгенге дейінгі соңғы жыл ішінде) ;

нотариаттық іс-әрекеттер жасаған уақытта өзінің қызметтік өкілеттіктерін атқарумен байланысты шағым түсіп, шағым негізді деп танылғанда - 15 балл (тәуекелдер дәрежесін бағалау жүргізілгенге дейінгі соңғы жыл ішінде);



14) аумақтық нотариаттық палатада жеке нотариаттық мұрағаттың болмауы – аумақтық нотариаттық палатаның жеке нотариаттық мұрағатта нотариаттық құжаттарды жинау, сақтау және пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтамауына тең, бұл нотариаттық құжаттардың жоғалуына, бүлінуіне және т.б. әкелді – 20 балл;

15) нотариустар арасында түсіндіру жұмыстарының болмауын білдіретін жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды ұйымдастыру бойынша аумақтық нотариаттық палатаның болмауы немесе сапасыз жұмысы, нотариустардың сақтандыру мәліметтеріне мониторинг жүргізу – 10 балл;

16) нотариаттық қызметке орналасу құқығына үміткер тұлғалардың тағылымдамаларын ұйымдастыру және жеке нотариустарды оқыту бойынша аумақтық нотариаттық палатаның болмауы немесе сапасыз жұмысы – 5 балл, оның ішінде:

жеке үйренуші нотариустарды оқыту және тағылымдамаларын ұйымдастыру бойынша аумақтық нотариаттық палатаның жұмысына дәлелді шағымдардың болуы – 7 балл;

тағылымдамаға үміткерлерді қабылдауда дәлелді бас тартулардың болуы – 10 балл;

тағылымдамадан өтушілердің тағылымдамадан өту барысы туралы аумақтық нотариаттық палатаның мәжілістерінде тоқсан сайын тыңдау жүргізуден дәлелді бас тартудың болуы – 7 балл.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтар № 36 бұйрығымен бекітілген Тағылымдамадан өтушілердің кәсіби дайындығының бірыңғай бағдарламасы сәйкес аумақтық нотариаттық палата жүргізетін оқулардың болмауы тексеру нәтижесінде (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7451 болып тіркелген) – 10 балл.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 22.08.2014 № 257 бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

7. Әрбір тәуекел өлшемдері шекті мөлшердегі тиісті бал санын иеленеді.

8. Барлық өлшемдердің жиынтық қорытындысын анықтау үшін тәуекел өлшемі бал санының жиынтығы жинақталады.

9. Бақылау субъектісінің тәуекел дәрежесін саралау үшін барлық тәуекел өлшемдерінің жиынтық қорытындысы пайдаланылады.

10. Бақылау субъектісінің тәуекел дәрежесін саралау төмендегі негіздерге сәйкес жүзеге асырылады:

1) жеке ше нотариустар: жоғары тәуекел дәрежелі субъекті - 25 балдан жоғары;

орташа тәуекел дәрежелі субъекті - 10 балдан 25 балға дейін;  
болмашы тәуекел дәрежелі - 10 балға дейін.

2) мемлекеттік нотариустар:  
жоғары тәуекел дәрежелі субъекті - 25 балдан жоғары;  
орташа тәуекел дәрежелі субъекті - 10 балдан 25 балға дейін;  
болмашы тәуекел дәрежелі - 10 балға дейін.

3) нотариаттық іс-әрекеттерді жасауға уәкілетті атқарушы органдардың  
лауазымды адамдары:

жоғары тәуекел дәрежелі субъекті - 10 балдан жоғары;  
орташа тәуекел дәрежелі субъекті - 5 балдан 10 балға дейін;  
болмашы тәуекел дәрежелі - 5 балға дейін.

4) аумақтық нотариаттық палаталар:  
жоғары тәуекел дәрежелі субъекті - 20 балдан жоғары;  
орташа тәуекел дәрежелі субъекті - 10 балдан 20 балға дейін;  
болмашы тәуекел дәрежелі субъекті - 10 балға дейін.

11. Жоспарлы тексеруді жүргізудің кезеңдері:

- 1) жоғары тәуекел дәрежелі субъектілерге жылына 1 рет;
- 2) орташа дәрежелі субъектілерге 3 жылда 1 рет;
- 3) болмашы тәуекел дәрежелі субъектілерге 5 жылда 1 рет.

12. Бір тәуекел топтың ішінде жоспарлы тексеру жүргізуге бақылау субъектісін іріктеу балл сандарының көпшілік қағидасы негізінде жүзеге асырылады.

13. 1 жылға дейінгі қызмет өтілі бар бақылау субъектісі нотариаттық қызметіне жасау құқығына аттестациядан өткен, нотариус лауазымына кіріскен, есептік тіркеуге алынған сәттен бастап 1 жылдың ішінде тексерілуі тиіс. Тексеру қорытындысымен бақылау субъектісінің тәуекел дәрежесі анықталады.

Қазақстан

Республикасының

Әділет министрінің

2011 жылғы 29

маусымдағы

№ 245 бұйрығына

5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2012.01.31 № 35 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

нысан

**мемлекеттік нотариустардың  
қызметін  
ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ**

Тексеруді тағайындайтын орган \_\_\_\_\_

Тексеруді тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_  
( № , күні )

Тексерілетін бақылау субъектісінің Т.А.Ә., қызметі \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) \_\_\_\_\_

Тексеру жүргізілетін үй-жайдың мекен-жайы, орналасқан жері \_\_\_\_\_

Тексерілетін кезең \_\_\_\_\_

Тексеру жүргізудің мерзімі \_\_\_\_\_  
(тексеру жүргізуге кеткен күндер) \_\_\_\_\_

Тексеру жүргізудің басталуы және аяқталуы \_\_\_\_\_  
(күні, сағаты)

№	Талаптар тізбесі	иә	жоқ
1	Жеке нотариаттық мұрағаттар құру, нотариаттық құжаттарды жинау, сақтау және пайдалану бойынша олардың функцияларын ұйымдастыру жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына аумақтық нотариаттық палаталар қызметінің сәйкес келуі		
2	Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына аумақтық нотариаттық палаталар қызметінің сәйкес келуі		
3	Нотариаттық қызметке орналасу құқығына үміткер тұлғалардың тағылымдамаларын ұйымдастыру жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына аумақтық нотариаттық палаталар қызметінің сәйкес келуі		
4	Жеке нотариустарды оқытуды ұйымдастыру жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына аумақтық нотариаттық палаталар қызметінің сәйкес келуі		

**Лауазымды**

**Тұлға:**

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. лауазымы)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. лауазымы)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

**Бақылау**

**субъектісі:**

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. лауазымы)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

*Ескеру: бірнеше парақта жазылған тексеру парағын тексеру жүргізетін орган баулайды, нөмірлейді.*

